

REVIEW

Foreign Scientific Consultant For Doctoral Student's Dissertation

Tuzelbayeva Diana's

"Pragmatics of gluttonous discourse in television programmes", submitted for the degree of
Doctor of Philosophy (PhD)

in the specialty "6D021300 - Linguistics"

1. Relevance of the study

The dissertation research devoted to the pragmatics of gluttonous discourse in television programs is a relevant and scientifically significant work within the framework of media linguistics, pragmalinguistics and the theory of mass communication. In the context of the rapid development of the media space and the increasing role of television in the formation of socio-cultural norms and values, culinary television programs go beyond the scope of entertainment content, acquiring a significant communicative, educational and cultural-representative function. Modern television is the most important tool for disseminating information, shaping public opinion and reinforcing behavioral patterns. In this context, the analysis of culinary programs such as "As Bolsyn", "SikyrllyAsUy", "AspazdykLiga", "AinurdynAskhanasy", "Tatti Time" is of particular importance. These programs are broadcast on Kazakhstani TV channels, have a wide audience and make a significant contribution to the popularization of national cuisine, strengthening cultural identity and the formation of language models related to the topic of food, recipes, and gastronomic traditions.

Gluttonous discourse as a type of media discourse aimed at representing food culture remains understudied in the scientific literature. Works that analyze pragmatic strategies and speech impact within the culinary television genre are especially poorly represented. Meanwhile, culinary shows are not only a demonstration of recipes, but also a complex communicative phenomenon that includes a dialogue with the audience, the use of expressive and metaphorical means, as well as elements of the national cultural context.

The present study acquires particular relevance due to the need to analyze the pragmatic characteristics of gluttonous discourse implemented in culinary television programs thematically focused on gastronomy. This type of media discourse is a significant means of constructing everyday social reality, forming symbolic ideas about national identity, cultural norms of taste, hospitality, lifestyle and food practices. Studying this type of TV shows allows us to identify the mechanisms of cultural representation and speech influence, carried out through a complex of verbal and non-verbal means addressed to a wide television audience.

2. Degree of reliability and validity of the obtained results

Scientific validity and reliability of the obtained results are ensured by the complex application of methodological tools, including methods of observation, contextual and pragmatic analysis, interpretation and description, as well as methods of comparison, generalization and classification. Such an interdisciplinary and systemic approach contributes to a comprehensive consideration of the phenomenon under study.

The empirical basis of the study is presented by the analysis of 25 programs of interactive entertainment culinary shows: "As Bolsyn", "SikyrllyAsUy", "AspazdykLiga", "Tatti Time",

"AinurdynAskhanasy", broadcast on Kazakhstani television in the period from 2017 to 2018. The volume of text material in deciphered form amounted to about 100 thousand printed characters, which allows us to talk about the representativeness and completeness of the study.

The choice of material is due to the high popularity of these programs and their genre specificity, which helps to obtain reliable and relevant data for the analysis of the pragmatic features of culinary shows as a genre of television discourse. All the conclusions of the study logically follow from the analyzed data and are supported by specific examples, which increases the level of scientific validity.

3. Theoretical and practical significance

The theoretical significance of the work lies in the fact that the study expands and deepens knowledge about television discourse, in particular, about the pragmatic component of interactive culinary television programs. The author offers a comprehensive model of the culinary show genre, taking into account the features of interactive communication, as well as linguistic and extralinguistic features. The work contributes to the development of media linguistics and related fields, such as sociolinguistics, linguacultural studies and rhetoric, demonstrating the relationship between language and culture in the media sphere.

The practical significance of the dissertation is manifested in the possibility of using its results in the educational process - in special courses and seminars on the problems of speech communication, linguistics, psycholinguistics and journalism. In addition, the presented conclusions and recommendations can be useful in the professional training of television journalists, PR specialists and media experts, contributing to the improvement of the quality and effectiveness of television communication.

4. Degree of novelty of the study

The novelty of the work lies, first of all, in the focus on gluttonous discourse, which has previously almost never been the subject of complex linguistic analysis in the context of television cooking shows. The study for the first time offers a holistic description of speech strategies and tactics used in culinary television discourse, taking into account their pragmatic functions.

Special attention is paid to the study of the main methods of communication in television cooking shows: strategies and tactics of speech influence within the framework of television communication. This allows us to substantiate new theoretical provisions and expand scientific ideas about the interaction of the host and the audience. The proposed model of the television genre of the cooking show, based on the identified universal and differential features, is an important theoretical achievement.

5. Compliance with the requirements for a qualifying scientific work

The dissertation meets all the requirements for qualifying works of this level. It clearly formulates the goal, objectives and hypothesis, presents a detailed theoretical basis and completeness of the empirical analysis. The structure of the work is logical and consistent - introduction, two chapters, conclusion, list of literature and lexicographic sources.

The methodological base is substantiated and diverse, which confirms the systematic approach to studying the object. The volume of work (130 pages) corresponds to the established standards. Publications on the topic of the dissertation and reports at international conferences testify to the scientific maturity of the author and the relevance of the work.

6. Recommendation for defense

The dissertation research represents a significant scientific contribution to the study of pragmatic aspects of television discourse and interactive media genres. The results of the study are new, scientifically substantiated and practically applicable. The work has high theoretical and practical significance, which makes it in demand both in the academic environment and in professional practice.

Based on the above, the dissertation deserves a positive assessment and is recommended for defense with the award of the academic degree of PhD.



Assoc. Prof. Dr. Kayhan İNAN

Foreign scientific consultant,

PhD, professor

Amasya University,

Turkey

Date: 13.11.2025

Шетелдік ғылыми кеңесші

PhD дәрежесін алу үшін дайындалған

докторант Тузельбаева Диананың

«Телевизиялық бағдарламалардағы қомағайлық дискурсының прагматикасы» атты

мамандығы: «6D021300 – Лингвистика»

диссертациясына арналған

1. Зерттеудің өзектілігі

Телевизиялық бағдарламалардағы қомағайлық дискурсының прагматикасына арналған диссертациялық зерттеу медиалингвистика, прагмалингвистика және бұқаралық коммуникация теориясы аясындағы өзекті әрі ғылыми маңызы бар еңбек болып табылады. Медиа кеңістіктің жылдам дамуы, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени нормалар мен құндылықтарды қалыптастырудағы теледидардың рөлінің артуы жағдайында кулинарлық телевизиялық бағдарламалар тек көңіл көтеруге арналған контент шеңберінен шығып, маңызды коммуникативтік, білім беру және мәдени-репрезентативтік қызметке ие болып отыр. Қазіргі теледидар – ақпарат таратудың, қоғамдық пікір қалыптастырудың және мінез-құлық үлгілерін бекітудің аса маңызды құралы. Осы тұрғыдан алғанда «As Bolsyn», «Сиқырлы Ас Үй», «Аспаздық Лига», «Айнұрдың Асханасы», «Tatti Time» сияқты кулинарлық бағдарламаларды талдаудың маңызы ерекше. Аталған бағдарламалар қазақстандық телеарналарда көрсетіледі, кең көрермен аудиториясына ие және ұлттық асхананы танымал етуге, мәдени бірегейлікті нығайтуға, сондай-ақ тағам, рецепт және гастрономиялық дәстүрлерге қатысты тілдік модельдерді қалыптастыруға елеулі үлес қосады.

Тамақ мәдениетін бейнелеуге бағытталған медиа-дискурстың бір түрі ретінде қарастырылатын қомағайлық дискурсы ғылыми әдебиетте әлі жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Әсіресе кулинарлық тележанр аясындағы прагматикалық стратегиялар мен сөйлеу әсерін талдауға арналған еңбектердің аздығы байқалады. Сонымен қатар, кулинарлық телебағдарламалар тек қана рецепттерді көрсету емес, сонымен бірге көрерменмен диалогты, экспрессивтік және метафоралық құралдарды қолдануды, сондай-ақ ұлттық мәдени контекст элементтерін қамтитын күрделі коммуникациялық құбылыс болып табылады.

Осы зерттеудің өзектілігі гастрономия тақырыбына бағытталған кулинарлық телебағдарламаларда жүзеге асатын қомағайлық дискурсының прагматикалық ерекшеліктерін талдаудың қажеттілігімен айқындалады. Медиа-дискурстың бұл түрі күнделікті әлеуметтік шындықты құрастырудың, ұлттық бірегейлік туралы символдық түсініктерді, дәм мәдениеті нормаларын, қонақжайлық дәстүрлерін, өмір салты мен тағамдық тәжірибелерді қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Аталған тележобаларды зерттеу арқылы кең телеқауымға бағытталған вербалды және вербалды емес амалдар кешені арқылы жүзеге асатын мәдени репрезентация мен сөйлеу ықпал ету тетіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

2. Алынған нәтижелердің шынайылығы мен дәлдігінің дәрежесі

Алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен шынайылығы бақылау, контекстік және прагматикалық талдау, интерпретациялау мен сипаттау, сондай-ақ салыстыру, жинақтау және жіктеу әдістерін қамтитын әдіснамалық құралдардың кешенді қолданылуы арқылы қамтамасыз етіледі. Мұндай пәнаралық және жүйелі тәсіл зерттеліп отырған құбылысты жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің эмпирикалық негізін 2017–2018 жылдар аралығында қазақстандық телеарналарда көрсетілген интерактивті ойын-сауық кулинарлық шоулардың 25 бағдарламасы кұрайды. Атап айтқанда: «As Bolsyn», «Сиқырлы Ас Үй», «Аспаздық Лига», «Tatti Time», «Айнұрдың Асханасы» телебағдарламалары қамтылды. Декодталған мәтіндік материалдың көлемі шамамен 100 мың баспа таңбасын кұрап, зерттеудің репрезентативтілігі мен толықтығын қамтамасыз етеді.

Материалды таңдауға аталған бағдарламалардың жоғары танымалдығы мен олардың жанрлық ерекшелігі себеп болды. Бұл кулинарлық шоуларды телевизиялық дискурс жанры ретінде сипаттайтын прагматикалық ерекшеліктерді талдау үшін шынайы әрі өзекті деректер алуға мүмкіндік береді. Зерттеудің барлық тұжырымдары талданған деректерден логикалық түрде туындайды және нақты мысалдармен дәлелденген, бұл ғылыми негізділік деңгейін арттыра түседі.

3. Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы

Жұмыстың теориялық маңызы телевизиялық дискурста, атап айтқанда интерактивті кулинарлық телебағдарламалардың прагматикалық құрамдасына қатысты білімді кеңейтіп, тереңдете түсетінінде жатыр. Автор интерактивті коммуникацияның ерекшеліктерін, сондай-ақ тілдік және тілден тыс факторларды ескере отырып, кулинарлық шоу жанрының кешенді моделін ұсынады. Бұл еңбек медиалингвистика мен оған іргелес салалардың – социалингвистика, лингвомәдениеттану және риториканың – дамуына үлес қосады, медиакеңістікте тіл мен мәдениеттің өзара байланысын айқын көрсетеді.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін оқу үдерісінде – сөйлеу коммуникациясы, лингвистика, психолінгвистика және журналистика мәселелеріне арналған арнайы курстар мен семинарларда – қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Сонымен қатар, ұсынылған тұжырымдар мен ұсынымдар тележурналистерді, PR мамандарын және медиа саласының сарапшыларын кәсіби даярлау барысында пайдалы бола алады, бұл өз кезегінде телевизиялық коммуникацияның сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

4. Зерттеудің жаңашылдығының дәрежесі

Жұмыстың жаңашылдығы, ең алдымен, кулинарлық телебағдарламалар контекстінде бұрын кешенді лингвистикалық талдаудың нысанына айнала қоймаған қомағайлық дискурсына назар аударуымен айқындалады. Зерттеу барысында кулинарлық телевизиялық дискурста қолданылатын сөйлеу стратегиялары мен тактикалары олардың прагматикалық функцияларын ескере отырып алғаш рет тұтас сипаттама ретінде ұсынылады.

Телевизиялық кулинарлық бағдарламалардағы негізгі коммуникация тәсілдерін – телекоммуникация аясындағы сөйлеу ықпал ету стратегиялары мен тактикаларын – зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді. Бұл аталған құбылысты теориялық тұрғыдан жаңаша негіздеуге және жүргізуші мен аудиторияның өзара әрекеттестігі туралы ғылыми түсініктерді кеңейтуге мүмкіндік береді. Айқындалған универсал және дифференциалды белгілерге негізделген кулинарлық шоу телевизиялық жанрының ұсынылған моделі маңызды теориялық жетістік болып табылады.

5. Біліктілікке қойылатын ғылыми жұмыс талаптарына сәйкестігі

Диссертациялық жұмыс осы деңгейдегі біліктілікке қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты, міндеттері мен гипотезасы анық және нақты тұжырымдалған, теориялық негізі кеңінен ашылып, эмпирикалық талдау толық көлемде ұсынылған. Жұмыстың құрылымы логикалық әрі бірізді: кіріспе, екі тарау, қорытынды, әдебиеттер мен лексикографиялық дереккөздер тізімі.

Әдіснамалық база жан-жақты негізделген әрі көпқырлы, бұл зерттеу нысанын қарастыруда жүйелі тәсілдің қолданылғанын растайды. Жұмыстың көлемі (130 бет) белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған еңбектер мен халықаралық конференцияларда жасалған баяндамалар автордың ғылыми кемелдігін және зерттеудің өзектілігін айғақтайды.

6. Қорғауға ұсыныс

Диссертациялық зерттеу телевизиялық дискурс пен интерактивті медиа жанрларының прагматикалық аспектілерін зерделеуге елеулі ғылыми үлес қосады. Зерттеу нәтижелері жаңашыл, ғылыми тұрғыдан негізделген және практикалық тұрғыдан қолдануға жарамды. Жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары, бұл оны академиялық ортада да, кәсіби тәжірибеде де сұранысқа ие етеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, диссертацияға оң баға беруге және авторға PhD ғылыми дәрежесін беру үшін қорғауға ұсынуға болады.

/Қолы/

Доцент, PhD, профессор

Кайхан Инан

Шетелдік ғылыми кеңесші

Амасья университеті,

Түркия

Күні: 13.11.2025